

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-
интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**2024-2025 оқу жылының наурыз айында атқарылған жұмыстардың
мәтіндік есебі**

Атбұлақ - 2025 жыл.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстары күшейтілген түрде төмендегідей бірнеше бағытта жүргізілді:

1.Әрбір пән бойынша пән мұғалімдері үлгерімі төмен оқушылармен жекелеген жұмыстар жасады.

2.Оқушыларды электронды және қағаз формасындағы жаңа тест материалдарымен қамтуға көп мән берілді.

4.Әр апта сайын ҰТО дайындаған тест кітапшалары бойынша алынған байқау тестінің нәтижесі бойынша оқушыларға, ата-аналарға және пән мұғалімдеріне қозғау салып отыруға айрықша назар аударылды.

5.Байқау тесттерінен соң жеке қатемен жұмысқа көп мән берілді.

6.ҰБТ-ға дайындауда мол тәжірибесі бар білікті пән мұғалімдерінің шығармашылық есептері ұйымдастырылды.

11-сыныптың «Алтын белгі» белгісіне үміткер оқушыларының аталған белгіні алуға қажетті құжаттарын дайындау жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуі үнемі қадағаланды.

Мұғалімдердің жеке құжаттарын, күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспарларын, тақырыптық, әдістемелік талдауларын қадағалау жұмысы жүйелі түрде жүргізілді.

III-тоқсан қорытындысы бойынша барлық сыныптарға негізгі пәндер бойынша оқушылардың білім көрсеткіштеріне мониторинг жасалды.

Барлық пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып үздіктердің, оқу екпінділерінің және үші бар оқушылардың үлесі төмендегі кестедегідей болды:

мазмұны	7- сынып	8- сынып	9- сынып II	10- сынып	11- сынып	мектеп бойынша	%
III тоқсан соңындағы оқушы саны	72	71	68	63	53	327	100
Оқу озаты	18	33	18	30	25	124	37,9
Екпінділер	48	37	37	31	27	180	55,0
«3»- бар оқушы	6	1	13	2	1	23	7,0
Таза-3	0	0	0	0	0	0	0
Үлгермеушілер	0	0	0	0	0	0	0

Барлық негізгі пәндер бойынша тоқсандық қорытынды бағалар қойылып, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары жүргізіліп, ол мектеп бойынша төмендегідей нәтиже көрсетті:

Тоқсандық қорытынды бойынша пәндердің білім сапасы мынадай болды:

1. Алгебра- 97 %
2. Геометрия – 97,5 %
3. Физика-97 %
4. Информатика- 100 %
5. Қазақ тілі- 98 %
6. Қазақ әдебиеті-97,9 %
7. Қазақ тілі мен әдебиеті-97,3 %
8. Ағылшын тілі- 100 %
9. Орыс әдебиеті-100 %
10. Орыс тілі мен әдебиеті-95 %
11. Қазақстан тарихы- 100 %

Мектеп бойынша білім сапасы: 98 %

3-тоқсан бойынша алынған ТЖБ жұмыстары бойынша білім сапасы төмендегідей:

- Алгебра-80 %
- Геометрия –82,5 %
- Физика-80 %
- Информатика- 90 %
- Қазақ тілі мен әдебиеті (орыс сынып)-86,1 %
- Қазақ тілі- 83 %
- Қазақ әдебиеті- 82,5 %
- Ағылшын тілі-83 %
- Орыс әдебиеті- 86 %
- Орыс тілі мен әдебиеті (қазақ сынып)- 89,3 %
- Қазақстан тарихы-83 %

Мектеп бойынша білім сапасы: 84 %

Жатақханада наурыз айының жоспары бойынша тәрбиешілердің жалпы қызметкерлердің әрбір жұмыстары бақыланып, қаралды. Тәрбиешілерге де әдістемелік көмек көрсетілді. Тәрбиешілермен қоса, түнгі бала күтушілердің де жұмыстарына бақылау жүргізілді.

Мектеп және интернат ғимаратында медбике оқушыларға медициналық сараптама жүргізіп, оқушылардың денсаулығы қадағаланды.


Интернат ғимаратында оқушылардың жүріс-тұрысы, өзара қарым-қатынасы, киім киістері, тәртіптері үнемі қадағаланып, оқушыларға тиісті ақыл-кеңес берілді.

Күнделікті оқушылардың білімдерін әр сыныптың тәрбиешілері тексеріп қадағалап отырды.

Оқушылардың көктемдік демалысқа шығуына байланысты, оқушылардың жол қауіпсіздігі және өз бетінше саяхатқа шығуға болмайтындығы қатаң ескертіліп, ата-анаға және де туыстарына жүктелді. Ата-аналарға оқушылардың білім деңгейлері хабарланды.

1 наурыз - алғыс айту күніне байланысты оқушылармен әртүрлі іс-шаралар өтті.

Іс-шаралардың мақсаты: оқушылардың рухани мәдениетін қалыптастыру арқылы қайырымдылыққа баулу. Атаулы мерекеге 7-11 сынып оқушылары қатысты. Алғыс айту күніне арналған газеттер мен суреттер байқауы өтіп, үздік газеттер мен суреттер мектеп дәліздеріне ілінді.




12 –наурыз күні 9 а – сынып оқушыларымен сыныптағы қарым – қатынасты нығайту мақсатында тренинг сабақ өткізілді. Тренингтегі топтық жұмыстың мақсаты оқушыларға психологиялық мәселелерді зерттеу мен шешуге көмектесу, қарым-қатынастың психологиялық негіздерін зерттеу, сынып ұжымын біріктіру, қолайлы психологиялық климат орнату, тұлға аралық қатынастағы кедергілерді жою, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру.

«Құбыр» ойыны



«Қаламсап» ойыны




20 наурыз күні - бракераждық комиссияның асханадағы тамақтану сапасын мерзімдік бағалау мақсатындағы тексеру жұмысы жүргізілді. Бракераждық (мониторингтік) комиссия мүшелері қорытындысында оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі бойынша кесім жасады. Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және тамақтың сапасы, құрамы, температурасы тексерілді.



Сонымен қатар жылдық жұмыс жоспарға сәйкес оқушылардың дұрыс тамақтануы бойынша іс-шаралар жүргізілді. Мақсаты – оқушыларға мектеп асханасында тамақтану әдебі мен қағидалары туралы түсінік беріп, дұрыс тамақтану мәдениетін және сауатын қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Мұнда оқушыларға дәрістер ұйымдастырылып онда ас мәзіріне кіретін тағам түрлері, күнделікті рационда болуы тиіс тағам түрлері, витаминдердің тәуліктік мөлшері жайлы ақпараттар беріліп, білім алушылар салауатты тамақтануға шақырылды.

7-11 сынып оқушыларынан «Зорлық-зомбылықсыз әлем» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты – білім алушылардың арасында әлім-жеттіктің алдын-алу және оны шешу жолдары болып табылады. Сауалнама жасырын және онлайн алынды. Нәтижесі өңделіп, облыстағы тиісті әдіскер тарапынан зумм платформасы арқылы жиналыс өткізілді. Оқушылар арасында алдын-алу жұмысын жандандыру және түзету-дамыту сабақтарын өткізу ұсынылды.

Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында арнайы бұрыш жасақталып, оқушылар арасында викториналық сұрақтарға жауап алынды. Оқушылардың жауаптары қанағаттанарлық көрсеткіш деңгейін көрсетті. Жекеленген сыныптар бойынша түсінік жұмыстары жасалды.




Ортаңғы сынып оқушылары арасында алдын-алу бағыты бойынша 7-8 сынып оқушыларына "Сынып" (2007ж.), «Триумф» атты көркем фильмі

көрсетілді. Бұл фильмде сынып арасындағы қарым-қатынастың, әлім-жеттіктің, ұстазды сыйлау қажеттілігі, білімнің жастарға тигізер пайдасы және ситуацияда қолдайтын достары туралы баяндалған. Фильм соңында оқушылармен кері байланыс жасалды. Фильм арасындағы өзекті іс-әрекеттерден үзінді ретінде сұрақтарға жауап алынды.

9абв сынып оқушыларымен қызықты «Отбасылық социограмма» атты тесті алынып, интерпритациясы жасалды. Оқушылар берілген кеспе қағазда отбасы мүшелерін белгілей отырып, өзін жайғастырады. Баланың қалай орналасуына қарай, отбасындағы ынтымақ анықталып, қажетіне қарай кеңестер берілді.

9абв сынып оқушыларының өзара сыйластығы мен қарым-қатынастарын арттыру мақсатында дамыту сабағы ұйымдастырылды. Әр сынып литерасы бойынша жеке жүргізілді. Тренинг элементтері:

- «Сәлемімді қабыл ал» жаттығуы;
- Жағдайлы волейбол;
- Шеңбер бойындағы санамақ;
- Ватмандағы саяхат;
- Сиқырлы сөз – Иә;
- Керібайланыс.




Тәрбиешілер мен сынып жетекшілердің сұраныстары бойынша жекеленген оқушылармен кеңес жұмыс жүргізілді. Жеке кеңеске келген оқушылармен мак карта мен медитация жүргізіліп, бағыт-бағдар берілді. Кеңес беру бағыты бойынша 2 сұраныс, М - 2, Т - 2, О – 10 жұмыс жасалды.

Наурыз айының I аптасында 7-10 сыныптармен «Алғыс-ізгі ниет» тақырыбында сынып сағаты мен қауіпсіздік сабағы өтілді. Сонымен қатар алғыс айту күніне орай «Ананың аялы алақаны» атты челлендж ұйымдастырылды. Оқушылар ұстаздарға, достарына, сыныптастарына, мектеп қызметкерлеріне өз алғыстарын білдірді.



Наурыз айының II аптасында 7-10 сыныптармен «Ойынға салауатты көзқарас!» тақырыбында сынып сағаты және қауіпсіздік сабағы өтілді. және сыныптан тыс 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем жарық әйелмен» тақырыбында 11 сыныптармен концерттік іс-шара өткізілді.



Наурыз айының I аптасында «Тәрбие тал бесіктен басталады» тақырыбында 8 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шараға ата-аналар, оқушылар, ұстаздар мен тәрбиешілер қатысты.

Наурыз айының II аптасында 7-10 сыныптармен «Ойынға салауатты көзқарас!» тақырыбында сынып сағаты және қауіпсіздік сабағы өтілді. және сыныптан тыс 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем жарық әйелмен» тақырыбында 11 сыныптармен концерттік іс-шара өткізілді.



Наурыз айының үшінші аптасында 7а сыныппен «Жақсылық жаса-алғыс ал» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді.



Наурыз айының үшінші аптасында 7-10 сыныптармен «Наурыз-жыл басы!» тақырыбында сынып сағаты және сыныптан тыс іс-шара өткізілді.



Наурыз айының 02 аптасында «Қаппаров аруы-2025» тақырыбында шаңырақтар арасында қыз сыны байқауы ұйымдастырылды.



Жасөспірімдер олимпиадасына дайындық жұмыстары арнайы олимпиадаға дайындық кестесі бойынша өз уақытында жүріп келді.

Жасөспірімдер олимпиадасына қатысатын оқушылар:

№	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Бағыты	Пәні	Мұғалімнің аты-жөні
1	Үкібай Рамазан	7	жаратылыстану-математикалық	математика	Жолдас Майқыби Құралбекұлы
2	Исмаил Еркебулан	8	жаратылыстану-математикалық	математика	Мирзакулов Бакитжан Пардакулович
3	Жүнісбай Мейрамбек	7	жаратылыстану-математикалық	физика	Пияшова Гүлжазира Абдималиковна
4	Зәкірхан Кәусар	8	жаратылыстану-математикалық	физика	Сариева Дилбара Байтасқызы
5	Ахмеджанова Сабина	7	жаратылыстану-математикалық	химия	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы
6	Жолдыбай Жанерке	8	жаратылыстану-математикалық	химия	Әлтай Гүлнар Әбдіразаққызы
7	Амирали Ұлжан	7	жаратылыстану-математикалық	биология	Еликбаева Жанат Тасболатовна
8	Абдукаримов Нұрасыл	8	жаратылыстану-математикалық	Биология	Сарибаева Лаззат Халикуловна
9	Жумабек Алихан	7	жаратылыстану-математикалық	информатика	Бегімкүл Талғат Жұмабергенұлы
10	Жаппарали Ержігіт	8	жаратылыстану-математикалық	информатика	Бегімкүл Талғат Жұмабергенұлы
11	Минуар Адамхан	7	жаратылыстану-математикалық	География	Атамкулов Ербол Туленбаевич
12	Рысқұл Шыңғыс	8	жаратылыстану-математикалық	География	Атамкулов Ербол Туленбаевич
13	Қожахмет Айзере	7	қоғамдық-гуманитарлық	Қазақ тілі мен әдебиеті	Таженова Индира Курманбековна
14	Байсынова Диана	8	қоғамдық-гуманитарлық	Қазақ тілі мен әдебиеті	Нурсейтов Алишер Ауезханович
15	Абдулла Дидар	7	қоғамдық-гуманитарлық	Ағылшын тілі	Бугыбаева Эльмира Мухтаровна
16	Болатқызы Шахризада	8	қоғамдық-гуманитарлық	Ағылшын тілі	Маликова Салтанат Садвакасовна
17	Есенгелді Жансері	7	қоғамдық-гуманитарлық	Орыс тілі мен әдебиеті	Бахтиярова Гульбану Нуралиевна
18	Оналбаев Едіге	8	қоғамдық-гуманитарлық	Орыс тілі мен әдебиеті	Құрбанбек Гүлбаршын Құлыншаққызы
19	Құракбай Нұрбакыт	7	қоғамдық-гуманитарлық	Қазақстан тарихы	Ербосын Қалипа Сейділдақызы
20	Сапаш Дархан	8	қоғамдық-гуманитарлық	Қазақстан тарихы	Ербосын Қалипа Сейділдақызы

Кестедегі оқушылармен жетекші пән мұғалімдері күнделікті сағат 17:00 - 18:30 аралығында дайындық жүргізіп келді.

2025 жылғы 05 наурыз күні Кентау қаласындағы «Кентау политехникалық колледжі» ББМ базасында 9-сынып оқушыларына арналған физика пәнінен олимпиадаға төмендегі кестедегі оқушылар қатырылды және жүлделі орындарға ие болды:

№	Оқушының аты-жөні	Жетістігі	Жетекші мұғалімі
1	Бақтыбек Актілек	Мақтау қағазы	Оралбеков Галымжан
2	Ізбасхан Нұрсая	III орын (20 мың тг)	Оралбеков Галымжан
3	Сағындық Әбубәкір	I орын «60 мың тг»	Оралбеков Галымжан

2025 жылғы 06 наурыз күні Сарыағаш қаласындағы №78 мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек, әдіс алмасу мақсатында төмендегі пәндер бойынша мұғалімдер 2025 жылғы 06 наурыз күні барып, әдістемелік көмек көрсетті. Олар:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні
1	Ербосын Қалипа Сейділдәқызы	тарих
2	Еликбаева Жанат Тасболатовна	биология
3	Әлтай Гүлнәр Әбдіразаққызы	химия
4	Оралбеков Галымжан Жарасович	физика, шеберлік сынып
5	Сейдахан Байболат Әлімбайұлы	математика
6	Нурсейтов Алишер Ауезханович	ДҒІЖО



№78 мектеп ұжымы және Ж.Қаппаров ұстаздары



«Ғылыми жобаларды жазудың тиімді жолдары» тақырыбындағы шеберлік сыныптан көрініс



2025 жылғы 9-11 наурыз күні Алматы қаласында өткен «Азия-Тынық

Мұхиты» және «Жібек Жолы» олимпиадасының қорытынды кезеңіне 11-сынып оқушысы Пардекүл Нұрасыл және оның жетекшісі Джуманов Сакен жіберілді. Нәтижесі бойынша жүлделі орынға ие бола алмады, қатысушы ретінде сертификат иесі атанды.

Математика пәні бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпазы болған 11-сынып оқушысы Пардекүл Нұрасыл 2025 жылғы 23-28 наурыз аралығында Алматы қаласында өткен қорытынды кезеңінде жүлделі ІІІ орынды жеңіп келді.



29 наурыз күні жеңімпаз оқушымызды Шымкент қаласында темір жол вокзалында салтанатты түрде күтіп алу рәсімі өткізілді.



2024-2025 оқу жылының наурыз айына жоспарланған барлық жұмыстар өз деңгейінде, талапқа сай орындалып, қажетті айғақ құжаттары жауапты мамандарда жинақталды.



Мектеп директоры:

Ж.Ахмедов